


БЕКІТЕМІН
«Тайтөбе ауылының ЖОББМ»
КММ директоры
Г.С.Алиева 
«09» 09 2026 жыл

ПЕДАГОГ-ҰЙЫМДАСТЫРУШЫНЫҢ 2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Лауазымдық міндеттері:

- Мектептің тәрбие жұмысы жоспарына сәйкес білім алушылардың сабақтан тыс уақыттағы тәрбиелік, мәдени-көпшілік және шығармашылық іс-шараларын (мерекелер, байқаулар, фестивальдер, акциялар) ұйымдастырады және өткізеді.
- Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарымен бірлесе отырып, жалпымектестік іс-шаралардың сценарийлерін, ережелерін әзірлейді.
- Балалардың қызығушылықтары мен бейімділіктерін зерделей отырып, мектептегі үйірмелердің, клубтардың, секциялардың жұмысын үйлестіреді.
- «Bilim Class» (Білім класс) электронды журналын жүргізеді: мектепішілік іс-шаралардың, үйірмелер мен секциялардың жұмыс жоспарын, оқушылардың сабақтан тыс қамтылу есебін жүйеге енгізеді және қадағалайды.
- Білім беру ұйымында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» мен "Құндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасының мақсат-міндеттерін іске асыруға белсенді қатысады.
- Сынып жетекшілеріне, тәрбиешілерге сыныптан тыс іс-шараларды дайындауда және өткізуде әдістемелік әрі практикалық көмек көрсетеді.
- Мектептегі оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарының (Мектеп парламенті, Кеңестер және т.б.) жұмысына жетекшілік етеді, оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін дамытады.
- Дарынды балаларды анықтауға және оларды түрлі деңгейдегі шығармашылық байқауларға қатысуға дайындайды.
- Мәдени-көпшілік іс-шараларды өткізу кезінде балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін, санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын қамтамасыз етеді.
- Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың, буллингтің алдын алу мақсатында профилактикалық шараларды (акциялар, флешмобтар, кездесулер) ұйымдастырады.
- Ата-аналарды мектептің мәдени-тәрбиелік өміріне белсенді тартады.
- Оқушылар мен ұжым арасында академиялық адалдық қағидаларын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырады.

Білуге міндетті:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, Еңбек Кодексін, "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", «Бала құқықтары туралы» Заңдарын және тәрбие жұмысына қатысты нормативтік актілерді.
- Жалпы және жас ерекшелік педагогикасы мен психологиясын, мәдени-көпшілік жұмыстарды ұйымдастыру әдістемесін, сценарий жазу негіздерін.
- Балалар ұжымын басқару заңдылықтарын, дау-жанжалдарды шешу тәсілдерін.
- «Bilim Class» электрондық журналы жүйесімен жұмыс істеу ережелерін.
- Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

- Тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық (немесе мәдениет және өнер саласындағы) білім немесе техникалық және кәсіптік білім (жұмыс өтіліне талап қойылмайды).
- Біліктілік санаттары бойынша талаптар (жұмыс өтілі): педагог-модератор үшін – кемінде 2-3 жыл, педагог-сарапшы үшін – кемінде 3-4 жыл, педагог-зерттеуші үшін – кемінде 4 жыл, педагог-шебер (мастер) үшін – кемінде 5 жыл.

Таныстым: Дайырбаева А.Б. [Signature]

Таныстым: [Signature] С. Ж. [Signature]

Ескертпе: Лауазымдық нұсқаулық ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығына сәйкес 2026-2027 оқу жылының талаптарына сай жасалды.